

**Жұмағұлов Қ.<sup>1</sup>, Әбдімомынов Н.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz

<sup>2</sup>Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, Қазақстан, Тараз қ.,  
e-mail: nurtas-24@mail.ru

**АЛТЫН ОРДАНЫҢ САУДА-САТТЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ  
НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ  
(XIII ғ. – ХҮ ғ. басы)**

Мақалада Еуразия даласындағы сауда-саттық байланыстарының Алтын Орда дәуіріндегі тарихы қарастырылған. Сонымен қатар, Алтын Орда тарихының шеңберінде Еуразия даласындағы сауда-саттық қатынастарының дамуы мен құлдырауына ықпал еткен факторлары талданған. Мақаланың бастапқы бөлігінде моңғол шапқыншылығы және оның Еуразия даласындағы сауда-саттық жүйесіне ықпалы, моңғол ұлыстарының сауда бағыттарына бақылау орнатуы сипатталған. Ал негізгі бөлігінде Еуразия даласының басым бөлігіне сауда-саттық гегемониясын орнатқан Алтын Орданың экономикалық саясаты, негізгі сауда бағыттары мен негізгі кезеңдері талданған. Соңғы бөлімінде XIV ғ. соңына қарай Еуразия даласындағы сауда-саттық қатынастарының құлдырауы мен оған ықпал еткен себептері ғылыми тұрғыдан талданған. Мақаланың дерек көзі болып табылатын ортағасырлық тарихи деректер мен отандық және шетелдік зерттеушілердің ой-пікірлері ғылыми тұрғыдан сарапталған.

**Түйін сөздер:** Алтын Орда, моңғол шапқыншылығы, Еуразия даласы, Жібек жолы, сауда-саттық.

Zhumagulov K.<sup>1</sup>, Abdimomynov N.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz

<sup>2</sup>PhD, Taraz University of Innovation and Humanities, Kazakhstan, Taraz,  
e-mail: nurtas-24@mail.ru

**Main Trends of Trading Relationships of the Golden Order  
(XIII-XIV ad)**

The article examines trade relations in the Eurasian steppes in the era of the Golden Horde. At the same time, within the framework of the history of the Golden Horde, factors that contributed to the development and decline of trade relations in the Eurasian steppes are analyzed. The beginning of the article describes the Mongol invasion and its impact on the trading system, the establishment of Mongolian ulus control over trade routes of Eurasia. In the main part of the article, authors made an analysis of economic policies, the main trends and periods of trade of the Golden Horde in the Eurasian steppes. In the final part, the problems and reasons for the fall of trade relations are analyzed from the scientific point of view by the end of the 14th century. Medieval sources, works and views of domestic and foreign researchers that are used in the writing of the article have been scientifically proscribed.

**Key words:** Golden Horde, Mongolian invasion, steppes of Eurasia, Silk Road, trade.

Жумагулов Қ.<sup>1</sup>, Абдимомынов Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: kalkaman.zhumagulov@kaznu.kz

<sup>2</sup>PhD, Таразский Инновационно-гуманитарный университет, Казахстан, г. Тараз,  
e-mail: nurtas-24@mail.ru

### Основные направления торговых связей Золотой Орды (XIII – начало XV в.)

В статье рассматриваются торговые связи в евразийских степях в эпоху Золотой Орды. Вместе с тем, в рамках истории Золотой Орды анализируются факторы, способствовавшие развитию и падению торговых отношений. В начале статьи описывается монгольское нашествие и его влияние на систему торговли, установление Улусом контроля над торговыми маршрутами Евразии. В основной части статьи делается анализ экономической политики. В заключительной части анализируются с научной точки зрения проблемы и причины падения торговых отношений к концу XIV в. Средневековые источники, труды и взгляды отечественных и зарубежных исследователей, которые использованы в написании статьи, были проанализированы с научной точки зрения.

**Ключевые слова:** Золотая Орда, монгольское нашествие, степи Евразии, Шелковый путь, торговля.

#### Кіріспе

XIII ғасырдағы моңғол жаулаушылық жорықтары Еуразияның сауда-саттық жүйесіне айтарлықтай ықпал етті. Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары Қытай, Орталық Азия, Шығыс Еуропа мен Таяу Шығыстың айтарлықтай бөлігін бағындырған соң, бұл аймақтар арқылы өтетін керуен сауда жолдарының жүйесі – Ұлы Жібек жолы Моңғол империясы мен оның ұлыстарының бақылауына өтті. Ал моңғол жорықтарының қарқыны басылған соң, XIII ғ. 50-60-шы жылдарынан бастап, моңғолдар бағындырған аймақтарда Тынық мұхитынан Шығыс Еуропаға дейін, Батыс Сібірден Парсы түбегіне дейін Шығыс пен Батысты жалғастырған «еркін сауда кеңістігі» қалыптасты (Қинаятұлы, 2010: 578). Еуропалық тарихнамада «*Rex mongolica*»<sup>1</sup> деп аталатын бұл кезеңде моңғолдар билік құрған аймақтардың шекаралары шетелдік көпестер мен жүргіншілер үшін айқара ашылды. Моңғол ұлыстарының билеушілері өз иелігіндегі аймақтарға шетелдік көпестердің кіруіне жай ғана рұқсат беріп қана қойған жоқ, сонымен қатар оларға жеңілдіктер мен артықшылықтар берді. Отандық зерттеуші З. Қинаятұлының айтуынша, мемлекеттің қаржы көзі саналатын сауда-саттық пен саудагерлер «Ұлы жасак» заңы

бойынша үкімет орындарының қатаң бақылауы мен қамқорлығында болды. «Ұлы жасак» заңында «Саудагерлерді жан-жақты қорғау керек. Олар алғаш рет ұтылса көмектесу, екінші рет ұтылса ұтылғанын төлету, үшінші рет ұтылса басы алынсын» деп көрсеткен дейді. Өйткені, Шыңғыс-ханның айналасындағылар үкіметтің қаражат қоржыны табыстан құрылатынын сол кезде жақсы түсінген дейді. Сонымен қатар, моңғол тарихшысы Б. Сайшалдың «Ұлы жасақты» талдауында сауда-саттық туралы 2 бап, жол мен қатынас туралы 2 бап бар десе, қытай тарихшысы Ли Зу Фин «Ұлы жасақты» сегізге жіктеп, оның жетінші бөлігі «Сауда туралы Заң» болған дейді (Қинаятұлы, 2010: 248, 250). Осылайша, шетелдік көпестердің орасан зор территорияға созылған транзиттік аймақтан емін-еркін өтуі мен олардың қауіпсіздігі мемлекеттік деңгейде қамтамасыз етілді.

#### Алтын Орданың сауда-саттық байланыстарының қалыптасуы

Моңғол дәуірінде Ұлы жібек жолы Шығыс пен Батыс арасындағы негізгі транспорттық магистралға айналып, сауда-саттық байланыстарының географиясы да бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай кеңейді. Империя құрамына кірген аймақтардағы сауда жолдары да бұрынғы кезеңмен салыстырғанда қауіпсіз болды. XIII ғ. 50-ші жылдары мен XIV ғ. аралығында Шығыс пен Батысты жалғастырған негізгі сауда жолы солтүстік бағытқа ауысып, Моңғол империясының солтүстік-батыс бөлігі –

<sup>1</sup> *Rex mongolica* – латын сөзі, «моңғол тыныштығы, моңғол бітімі» деген мағына береді. Бұл термин ежелгі Рим империясы кезеңіндегі *Rex Romano* атауының баламасы ретінде еуропалық тарихнамада моңғол шапқыншылығынан кейінгі XIII ғ. екінші жартысы мен XIV ғ. Еуразия даласындағы сауда-саттық пен халықаралық байланыстардың дамуына қатысты қолданылады.

Жошы ұлысының<sup>2</sup> территориясы арқылы өтетін болды. Бұл XII-XIII ғғ. Палестинадағы крестшілердің толық жеңілісі, Ирандық Елхандар мемлекеті мен Мысыр мәмлүктері арасындағы үздіксіз соғыстар әсерінен еуропалықтардың Таяу Шығыс арқылы өтетін ескі сауда жолын жоғалтуына байланысты болды (Недашковский, 2016: 277). Осыған байланысты Жошы ұлысы Қытайдан Қара теңіздің порттарына дейінгі трансконтиненталдық сауда жолында негізгі транзиттік аймаққа айналды. Ал Жошының ізбасары Батудың<sup>3</sup> қолбасшылығымен моңғолдардың Батысқа жасаған ұлы жорығынан (1236-1242) кейін, бұл ұлыстың территориясы кеңейіп, халықаралық аренада күш-қуаты артты. XIII ғ. 40-шы жылдарында Жошы ұлысы Шығыс және Батыс елдерімен енді ғана сауда байланыстарын орната бастаса, 50-ші жылдардан бастап Алтын Орда – Шығыс пен Батыс арасындағы халықаралық сауда-саттық жүйесіне ықпал етуші ірі сауда империясына айнала бастады. Жазба деректер, археологиялық және нумизматикалық деректерге сәйкес, Алтын Орданың экономикалық жағынан дамуының шарықтау шегіне жеткен кезеңде Жошы ұрпақтары бірнеше

бағыттарда сауда байланыстарын орнатты. Батыс бағытында Венгрия, Польша, Молдова, Литва Ұлы княздығы, Венеция, Генуя, Пизамен, тіпті Испаниямен, солтүстікте Русь княздықтары, Ливониямен, оңтүстікте Византия, Трапезунд империясымен, Мысыр мәмлүк мемлекетімен, Хулагулық Елхандар мемлекеті және оның вассалдық аймақтары Грузия, Коний сұлтандығы, Армения, Әзірбайжанмен, шығысында Моңғолия, Қытай, Индиямен сауда-саттық байланыстарын орнатты. Неміс зерттеушісі А. Каппелер айтқанындай, «Шыңғыс ханның немересі, Жошының ұлы Бату, XIII ғасырдың 40-шы жылдарында негізін қалаған Жошы ұлысы, яғни орыстар Алтын Орда деп атаған мемлекет ортағасырлық кезеңде әлемдік держава болды. Оның саяси және экономикалық байланыстары Қытайдан Италияға дейін, Литвадан Египетке дейін созылып жатты» (Гатин, 2006: 84).

Алтын Орданың геосаяси орналасуы да, инфраструктурасы да халықаралық сауда байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Алтын Орда хандарының экономикалық саясаты да сауданың дамуына әсер етті. Жошы ұрпақтары Батудан бастап, Тоқтамыс ханға дейін халықаралық сауда жолдарының дамуына қолайлы жағдайлар жасауға тырысқан. Мемлекет ішінде ақша-монета жүйесін бір ізге түсіру, сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сауда жолдарының бойында керуен-сарайларын салу, қызмет көрсету сервистерін жақсарту, транзиттік сауда тауарларына салынатын салықтың төменгі деңгейін белгілеу, шетелдік көпестерге жеңілдіктер мен артықшылықтар беру сияқты іс-шаралар жасалды. Бұл іс-шаралар нәтижесі болып, Алтын Орда территориясы арқылы өтетін халықаралық сауда жолдарының дамуына үлкен септігі тиді. Ірі сауда орталықтары қалаларда шоғырланды. Сауданың дамуына байланысты Алтын Орда территориясындағы қалалардың даму деңгейі жоғары болды. Қалалардың басым бөлігі Алтын Орда құрылғанға дейін өмір сүрген. Дегенмен, ірі сауда орталықтары болған Кафа (Феодосия), Судак, Қырымдағы Керчь, Азов теңізіндегі Азак, Хорезм орталығы Үргеніш, Бұлғар, Биляр моңғолдар кезінде айтарлықтай дамыды; ал басқалары, мысалға Қырым (Ескі Қырым), Сарай Бату мен Сарай Берке, Солтүстік Кавказдағы Маджар және басқалары қысқа мерзімде бой көтерді (Якубовский & Греков, 1950: 141).

<sup>2</sup> Жошы ұлысы, Алтын Орда (1224-1503) – бастапқыда Моңғол империясының құрамында Дешті Қыпшақта құрылған ұлыс (мемлекеттік бірлестік). Хорезм жорығы және кіші Батыс жорығында (1219-1224) бағындырылған территорияны Шыңғыс-хан ұлыстық бөлініске салған кезеңде (1224) тұңғыш ұлы Жошының билігіне Ертістен, батысқа қарай Қап таулары, Саксин, Бұлғарға дейінгі ұшы-қиырсыз аймақ берілді. Жошы қаза болған соң, оның мұрагері Батудың Батысқа ұлы жорығы (1236-1242) нәтижесінде территория батысқа қарай қанат жайды. Осы кезеңде Жошы ұлысының қалыптасу үдерісі аяқталды. Елдің шеп-шекарасы әйгіленіп, империя құрамындағы кіші державалық мемлекеттік сипатқа ие болды. Территориясы Ертістен Дунайдың төменгі ағысы, шығысы Дербент (Дағыстан) пен Арраннан (Әзірбайжанның шығысы), батысы Еділ бұлғарларына дейін шығысынан батысына дейін 5600 верст, оңтүстігінен солтүстігіне дейін 4000 верст (1 верст = 1,1 шақырым) ұлы сахараны алып жатты (Қинаятұлы, (2010): 537).

<sup>3</sup> Бату – Жошының екінші ұлы даңқты қолбасшы, XIII ғасырдың 40-50-ші жылдары Еуразияның ең ықпалды саяси тұлғаларының бірі болған. Замандастары Сайын хан, яғни қайырымды, әділ билеуші деп атаған. Бату хан тарихта ең алдымен моңғолдардың ұлы Батыс жорығын (1236-1242) басқарып, Қыпшақ даласынан бастап, Адриатика теңізінің жағасына дейінгі ұшы-қиырсыз аймақтарды бағындырған даңқты қолбасшы, тек соғысқұмар қиратушы ғана емес, өмірінің соңғы 13 жылын халықаралық сауда жолдарының, қалалардың, мәдениеттің дамуына айтарлықтай ықпал еткен жасампаз билеуші болды. Сонымен қатар, ортағасырлық қуатты Алтын Орда мемлекетін ұлыстық деңгейден державалық деңгейге жеткізген көреген саясаткер ретінде тарихта қалды.

### Алтын Орданың сауда-саттық байланыстарының негізгі бағыттары

Алтын Орданың сыртқы сауда байланыстарының қалыптасуы XIII ғасырдың 40-шы жылдарынан басталады. Батыс жорығын (1236-1242) аяқтап, Еділ бойында Сарай қаласының негізін қалаған Бату өмірінің соңғы жылдарында мемлекетті нығайту шараларын, әсіресе сауда жолдарының дамуына үлкен көңіл бөлген. Тарихи деректерге сүйенсек, Бату Жошы ұлысының инфраструктурасы мен оның территориясы арқылы өтетін халықаралық сауда жолдарын дамытуға көп күш салған. Соның нәтижесінде сауда-саттық Алтын Орданың барлық өңірлерінде дамыды. Моңғол шапқыншылығы кезеңінде қираған қалалар қысқа ғана уақытта қайта қалпына келтіріліп, ірі сауда орталықтары қалыптасты. Алтын Орда территориясы мен вассалдық аймақтарында ірі сауда-саттық орталықтары: оңтүстікте Кафа, Азак; батыста – Ақ-Кермен; солтүстікте – Смоленск, Новгород; шығыста – Хорезм, Сығанак, Отырар сияқты қалалары болды. Мұның барлығы Алтын Орда империясының халықаралық аренадағы беделі мен экономикалық күш-қуатының артуына ықпал етті. Крест жорықтары кезеңінде Сирия арқылы қатынайтын сауда жолдарының әлсіреуіне байланысты Қара теңіз сауда жолдарының маңыздылығы артты. Қара теңіз аймағы Мысыр, Сирия немесе Анатолиядан кейінгі үшінші маңызды сауда жолдарының біріне айналды.

Солтүстік Қара теңіз аймағындағы сауда орталықтары көне замандардан Еуразияның трансконтиненталдық сауда байланыстарында маңызды рөл атқарды. XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Солтүстік Қара теңіз мен Қырым аймағы Алтын Орданың Батыс әлемімен сауда қатынастарын байланыстыратын қақпасы болды. Бұл аймақтың ерекшелігі құрлық арқылы келетін керуен сауда жолдары тікелей теңіз жолымен жалғасатын еді. Қара теңіздің солтүстік аймағындағы Алтын Орданың басты сауда серіктестері италяндық сауда республикалары: Венеция, Генуя, ішінара Пиза болды. Бұл теңіз республикасының көпестері мен қаржыгерлері өз заманындағы жетік дамыған сауда қызметімен айналысты. Венеция мен Генуя көпестері Жерорта теңізі, Қара теңіздің Солтүстік және Оңтүстік аймақтарында сауда-саттықпен белсенді түрде айналысып, ірі халықаралық сауда орталықтарының негізін қалады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қара теңіз аймағындағы сауда жолдары – Жошы

ұлысы мен италяян сауда республикаларымен байланыстырған сауда жолы – Алтын Орда экономикасының күре тамыры болғандығы даусыз. Алтын Ордада Мөңке-Темір билігі кезеңінде (1266-1280) генуялықтар Кафада, 1274 жылы Судакта, ал XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасыр басында Танада орнықты; 1289 жылы генуялықтар Кафада өздерінің консулдық қызметін құрды (Сафарғалиев, 1960: 63).

Бұл аймақтарда генуялықтар өз сауда-саттық факторияларын салып, аймақтағы сауда қызметі бойынша жетекші орынды иеленді. Генуялықтар Мөңке-Темір билігі кезінде тіпті Каспий теңізі мен оған іргелес жатқан аудандарға да сауда экспедицияларын жүзеге асырған. Қара теңіздегі италяян сауда республикаларының колониялары Алтын Орда экспортының батыс бағытының айтарлықтай бөлігін бақылауға алды. Италяян республикаларының сауда факториялар Алтын Орда қалаларының экспорттаудың порттары болды. Тана мен Кафа Шығыс пен Батыс арасындағы транзиттік сауданың шеткі нүктесі, Батысқа шығатын қақпасы болды.

Алтын Орданың сыртқы сауда-экономикалық байланыстары дамыған аймақтың бірі Таяу Шығыс болды. Мұсылмандықты қабылдаған Берке Таяу Шығыстың мұсылман мемлекетінің билеушілерімен қатынасқа түсе бастады. Ал XIII ғасырдың 50-ші жылдарының соңына қарай Таяу Шығыста Алтын Орданың оңтүстігінде саяси және экономикалық жағынан бәсекелес Хулагулық Елхандар мемлекеті құрылған соң, Жошы ұрпақтарының бұл бағыттағы саясатын да күшейе түсті. Алтын Орда мен өзінің оңтүстіктегі бәсекелес көршісі болған Хулагулық Иран мемлекеті арасындағы талас-тартыстар бір жарым ғасырға созылды. Бұл екі моңғол билігіндегі мемлекеттер арасын бөліп жатқан шекараның нақты межеленбеуіне байланысты территориялық келіспеушіліктен, яғни Әзірбайжан және Арран жері үшін талас-тартыстан басталды.

Екі мемлекет арасындағы Кавказ жерінде түйісетін шекаралық аймақтағы Әзірбайжан және Арран жері географиялық орналасуы, жайлы климаты мен шөбі шүйгін жайылымы Жошы ұрпақтарының да, Хулагу әулетінің де қызығушылығын туғызды. Сондай-ақ, бұл аймақтың басты маңыздылығы қазіргі зерттеушілер көрсеткендей, түсімі мол трансконтиненталды сауда жолының оңтүстік бағыты өтіп, Әзірбайжан жерінің билеушісі экономикалық жағынан табыс көзі ретінде аса тиімді пайдаланатын еді. Осы себептерге байланысты



екі моңғол мемлекеті арасында соғыс ұзаққа созылды. Алтын Орда мен Хулагулық Иран арасындағы шиеленістері территориялық келіспеушіліктен басталып, соғыстың басты себептері геосаяси және геоэкономикалық мүддеге негізделді, ал әулет аралық келіспеушіліктер соғыстың жанама себептері ғана бола алады. Әзірбайжан жері – Жошы ұрпақтары мен Хулагу әулеті арасындағы ұзаққа созылған талас-тартыстар объектісі болды, бұл моңғол билігіндегі екі мемлекеттің арасындағы жауластық Хулагулық Иран мемлекеті құрылған кезден басталып, оның құлауына дейін бір жарым ғасырға созылды. Дегенмен, әскери қимылдар екі мемлекет арасындағы сауда қатынастарына кедергі бола алмады (Тизенгаузен, 1884: 76). Соғыстың арасында бейбіт кезеңде екі мемлекет арасында сауда-саттық қатынастары қайта жанданып отырды. Осы кезеңде Алтын Орда мен Мысыр мәмлүк мемлекеті арасында қатынас орнады. Берке-хан мен сұлтан Бейбарыс кезеңінен басталған қатынас Тоқтамыс кезеңіне дейін жалғасын тапты.

Екі мемлекеттің сауда байланыстары негізінен XIV ғасырдың соңына дейін «құл саудасы» арқылы байланысып отырды. Өйткені, Мысыр мәмлүк мемлекетінің күш-қуаттығын мәмлүктер (ақ құлдар) есебінен элиталық армия құрған еді, ал бұл мемлекетті сақтап қалған мәмлүктер әскері өмір сүріп тұрған кезеңде құлдарға деген сұраныс жыл сайын артып отырды. Алтын Орда билеушісі Тоқта хан билігі кезеңінде (1291-1312 ж.) әкімшілік жүйе реттелді және жалпы мемлекеттік ақша реформасын жүргізілді. Мұны археологиялық және нумизматикалық деректер растап отыр. Бұл сауда-саттықтың дамуына ықпал етті. Сауда саттықтың дамуы Алтын Орда билеушілер Өзбек пен Жәнібек хандар кезеңінде гүлденді. Өзбек хан кезеңінде сауда-саттыққа үлкен көңіл бөлінді. Жәнібек хан билігінен кейінгі Бердібек-хан кезеңінде Алтын Орда сыртқы саудасы да дағдарысқа ұшырайды. Бұл ең алдымен мемлекеттің ішіндегі және Моңғол әлеміндегі саяси тұрақсыздыққа байланысты болды. Сонымен хронологиялық жағынан Алтын Орданың сауда байланыстарының тарихын төмендегідей кезеңдерге бөлуге болады:

1) Моңғол шапқыншылығынан кейін құлдыраған экономика мен сауда-саттық қатынастарының қалпына келу кезеңі (XIII ғ. 20-50-ші жылдары). Бұл кезеңде негізінен моңғол жорықтары кезеңінде қираған қалалар қалпына келтірілді. Ірі сауда орталықтарының қызметі қайта жандана бастады. Батудың батысқа

жасаған жорықтары нәтижесінде Алтын Орда территориясы батысқа кеңейді. Халықаралық сауданың негізгі бағыттары бақылауға алына бастады. Батудың экономика мен сауда-саттыққа қатысты саясатының нәтижесінде керуен жолдарының қауіпсіздігі қамтамасыз етілді, жаңа қалалар салына бастады.

2) Алтын Орданың Шығыс және Батыс елдерімен сауда-экономикалық байланыстарының қалыптасуы мен даму кезеңі (XIII ғ. 50-шы ж. мен XIV ғ. басы). Бұл кезең негізінен Берке хан кезеңіндегі Алтын Орданың Таяу Шығыс мұсылман елдерімен саяси, дипломатиялық, сауда байланыстарының орнауы, Мөңке-Темір кезеңіндегі Солтүстік Қара теңіз аймағындағы италиян сауда республикаларының қызметінің жандануы мен олармен сауда келісімдері жасалды, Алтын Ордада ақша жүйесіне реформа жүргізілді. Жошы ұрпақтары түсімі мол сауда бағыттарына бақылауды күшейтіп, халықаралық сауданың дамуына ықпал етті. Еділ бойы, Қырым, Солтүстік Қара теңіз аймағы, Солтүстік Кавказ, Хорезм, қазіргі Оңтүстік Қазақстан аймағындағы қалаларда сауда-саттық дамыды.

3) Алтын Орданың халықаралық сауда-экономикалық байланыстарының гүлденген кезеңі (XIV ғ. басы мен 50-шы жылдарына дейін). Бұл кезең негізінен Алтын Орданың дамуының шарықтау шегіне жеткен Өзбек-хан билігі кезеңімен ерекшеленеді. Бұл кезеңде Алтын Орда Шығыс пен Батысты жалғастырып тұрған ірі сауда империясына айналды.

4) Шығыс пен Батыс арасындағы сауданың дағдарысы мен Алтын Ордадағы «Ұлы Дүрбелең» кезеңі (XIV ғ. 50-70-ші жылдары). Бұл кезеңде ең алдымен Жәнібек-ханның италиян сауда республикалары қарым-қатынастарының шиеленісуі, ішкі және сыртқы факторларға байланысты халықаралық сауданың дағдарысы және соңғысы Бердібек-ханның өлімінен кейінгі Алтын Ордадағы «Ұлы дүрбелең» кезеңімен ерекшеленеді.

5) Тоқтамыс хан кезеңіндегі сыртқы сауданың қысқа мерзімді жандану кезеңі (XIV ғ. 80-90-шы жылдары). Бұл кезең күллі Жошы ұлысының басын біріктіріп, оның күш-қуаттығын қалпына келтірген Тоқтамыс хан есімімен байланысты. Тоқтамыс хан Алтын Орданың сырты саясатын жандандыру кезеңінде, мемлекеттің сауда байланыстары да қалпына келтіру жұмыстарын да жүргізді. Дегенмен, Темірдің бірнеше жорықтарынан кейін Алтын Орда өзінің Шығыс пен Батыстағы қуатты сауда империясы деген

мәртебесінен айырылып, екінші деңгейлі мемлекетке айналды.

6) Алтын Орданың экономикасы мен сыртқы сауда байланыстарының ақырғы түрде құлдырау кезеңі (XIV ғ. 90-шы жылдары мен XV ғ. басы). Бұл кезеңде Алтын Орда тек экономикалық жағынан құлдырау ғана емес, саяси жағынан ыдырау кезеңін басынан кешірді.

### **Еуразия даласындағы сауда-саттық қатынастарының құлдырау кезеңі (XIV ғ. соңы мен XV ғ. басы)**

XIV ғасырдың соңынан бастап, Еуразия даласындағы сауда-саттықтың әлсіреуіне моңғолдар билік еткен бірқатар ірі мемлекеттердің ыдырауы мен тарих сахнасынан кетуінің нәтижесінде болған саяси өзгерістердің ықпалы болды. Бұл кезеңге дейін Орта Азиядағы Шағатай ұлысы ақырғы түрде Моғолстан мен Мәуераннахр тәуелсіз иеліктеріне ыдырады. Сол сияқты Елхандар мемлекеті де өзінің өмір сүруін тоқтатып, бір-бірімен өзара жауласқан шағын бөліктерге ыдырап кетті. Сондай-ақ, Қытайда моңғол билігіне қарсы ірі көтеріліс оты тұтанып, нәтижесінде 1368 жылы билікте болған моңғолдық Юань әулетінің күйреуіне алып келді. Моңғол әлемінде болған күрделі өзгерістер тек саяси жағынан ғана емес, экономикалық жағынан да трансазиялық және трансконтиненталдық сауда-саттыққа кері әсерін тигізді. Ал халықаралық сауда-саттық дағдарысы оған бақылау орнатқан бірқатар ірі мемлекеттердің ішкі саудасына да әсерін тигізетіні белгілі. Осы орайда, бұл жағдайдың Алтын Орда экономикасының тұрақсыздығы мен әлсіреуіне ықпал еткені байқалады. Сондықтан бір мемлекетте болған саяси тұрақсыздықтар бүкіл әлемдік саудаға өз әсерін тигізді. Ал ол өз кезегінде басқа мемлекеттердің ішкі қатынастарында әлеуметтік тұрғыдан саяси дағдарысқа алып келуіне септігін тигізді. Өйткені сауданың әлсіреуі тек қалалық қолөнершілер мен көпестерге ғана кері әсерін тигізіп қойған жоқ, сонымен қатар халықтың барлық әлеуметтік топтарына өз әсерін тигізді (Миргалеев, 2003: 22).

Сонымен қатар, бұл кезеңде 20 жылға созылған Алтын Ордада саяси билік дағдарысы болды. Осы Алтын Орда ішіндегі «саяси дүрбелең» кезеңінде Алтын Орда территориясы арқылы өткен сауда жолдары өзінің толық функциясын атқара алмады. Батыс көпестері үшін бұл жолдар қауіпсіз болмауы қолайсыздық

жасады. Өзен арқылы қатынайтын жолдар да қауіпсіз болмады. Осындай қауіпті түсінген батыс көпестері Шығыс елдерімен сауда жасаудың баламалы жолдарын іздей бастайды. Осылайша, 1346 және 1367 жылдары Венеция Трапезунд империясымен сауда келісімдерін жасады. Одан әрі Жалайырлар мемлекетімен қатынасқа түсті. Шығыс базарларымен Трапезунд империясы Понтий Альпісі, Понтий қақпасы асуынан өтті, Аргирполге (Гюмюшхан), Пайперту (Байбурт), Эрзурум мен Тебризге алып келді (Арсланов, 2015: 92). Дағдарыс Қырым түбегіне де ықпал етті. Қырымның саяси және экономикалық орталығы Солхат генуялық Кафамен бәсекелестікке түсе алмады.

Оның себебі Солхаттың теңізге шығатын жолы болмады. Сауда қатынастары негізінен құрлық арқылы жүрді. Дегенмен, бұл кезеңде итальян республикаларымен сауда қатынастары құлдырағанымен Краков және Львов қаласымен сауда қатынастары жақсарды. Бұл қалаларда көпестер қызметінің жандануына байланысты Алтын Орданың батыс аймақтары мен маңызды сауда серіктесіне айналды. 1372 жылы Мұхаммед Бұлақ хан Мамайдың ұсынысымен Кафада Краков көпестеріне жеңілдіктер мен артықшылықтар берсе, 1379-80 жылдары Тоқтамыс хан Львов көпестеріне айрықша құқықтық мәртебе берді. Алтын Ордада «саяси дүрбелең» кезеңінде де халықаралық сауда қатынастары тоқтаған жоқ. Дегенмен сауданың ауқымы мен масштабы азайды. Дегенмен, XIV ғасырдың 80-ші жылдарының басында Тоқтамыстың билікке келуіне байланысты Алтын Орда халықаралық аренадағы рөлі мен сауда байланыстары қайта қалпына келтіріле бастады. Тоқтамыс үкіметі үшін мемлекеттің экономикалық жағынан күш-қуаттығын қалпына келтіру мақсатында халықаралық сауданың ірі бағыттарын бақылауға алу маңызды болды. Осы экономикалық мақсатты жүзеге асыру үшін Тоқтамыс үкіметі Дешті Қыпшақ территориясынан өтетін трансконтиненталды сауданың солтүстік бағытындағы Ұлы Жібек жолының маңызын қайта көтеріп, оны ары қарай дамыту мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздеді. Тоқтамыс үкіметінің алғашқы қадамы да сыртқы және ішкі сауда қатынастарын жақсарту болды. Сондықтан 1380 жылы Тоқтамыс ақша реформасын жүргізген. Оны нумизматтар растап отыр (Арсланов, 2015: 93).

1380-1381 жылдары Кафадағы генуялықтар мен Тоқтамыс хан арасында жаңа сауда регламенттері жасалды. Бұл келісімге сәйкес

генуялықтардың Алтын Ордадағы артықшылықтары басым болып, Қырым жағалауындағы олардың иеліктері кеңейді. Осы кезде Қырым оңтүстік жағалауы Чемболодан (Балоклова) Судакқа дейін олардың пайдаланылуына берілді (Арсланов, 2015: 96). Бұл әрекеттер қысқа мерзім болса да, Алтын Орда мен Батыс арасындағы транзиттік сауда-саттық қатынастары жандануына ықпал етті. Дегенмен, сауданың посткризистік жандану кезеңі ұзаққа созылмады. Оған Алтын Орда мен Темір державасы арасындағы соғыстар өз әсерін тигізді.

Тарихи деректерде Еуразияның сол заманындағы ірі екі державасының билеушілері Тоқтамыс пен Темір арасындағы жауласудың тұлға аралық қарама-қайшылығы сипатталған, бірақ олардың ымыраға келмей соғысуының негізгі себептері геосаяси және экономикалық аспектілеріне байланысты болды (Миргалеев, 2003: 99). Тоқтамыс пен Темірдің жауласуы жоғарыда айтылған Әзірбайжан жерімен бірге, Хорезм аймағы үшін де қарсыласқаны көрініп тұр. Енді мәселенің түйінін шешіп, басын ашып алу үшін бірқатар мәселені қарастыру қажет. Хорезм – Алтын Ордаға сонау Жошы заманынан еншілес аймақ болып саналатын. Әзірбайжанды да Жошы ұрпақтары тартысқа толы болса да, заңды түрде өз иелігі санайтын. Солтүстік Хорезм Үргеніш атты бас қаласымен Алтын Ордаға тиесілі саналатын. Дегенмен, Хорезм бастапқы кезеңде Темірдің ықпалында болғаны айқын. Мәскеуді ықпалына түсірген, Қырымды қосқан Тоқтамыс хан үшін, енді атқарар екі мемлекеттік іс қалды: біріншісі, Алтын Орда тарихында орны ерекше, ірі өркениет ошағы саналатын Хорезмді, екіншісі, Батыс пен Шығыс арасындағы маңызды сауда жолдарының торабында орналасқан Әзірбайжанды Алтын Орда құрамына қосу міндеті тұрды. Жошы ұрпақтары үшін қай кезде де Хорезм мен Әзірбайжан жері геосаяси және геэкономикалық жағынан маңызды аймақ болып саналды.

Бұл екі өлкенің басты артықшылықтары ретінде географиялық орналасуының тиімділігі мен маңызды сауда тораптарының түйісуін атап өтуге болады. Өйткені, бұл екі өлке солтүстік пен оңтүстіктің бір-біріне түйіскен жерінде орналасқан және қоңыржай жылы климатқа ие болды. Азияның өнімдері осы аймақтар арқылы солтүстікке қарай шығатын. Солтүстік өлкелерінің сауда бағыттарының түйісетін жері Кавказдан немесе Қара теңіз порттарынан батысқа қарай жіберілетін. Бұл өлкелер әр заманда, талас-тартыс аймағы саналатын. Иран,

Алтын Орда және Мәуераннахрға әр заманда билік жүргізген мемлекет билеушілері бұл екі өлке үшін ғасырға жуық уақыттар бойына соғысып келді. Оның бір көрінісі – Берке хан мен Хулагу билігі кезеңінен басталған талас-тартыстар Жәнібек хан билігіне дейін созылды. Ол араға уақыт салып, Тоқтамыс хан кезіндегі оның Темірмен күресі осы аймақтар үшін қайта күшіне енді. Бұл күрестер ағымы бітісімен, Османлы билеушісі Фатих Сұлтан Мехметтің Қырымды иеленуге әрекеттенуі, Ресей патшалығының Қазанды қолға қаратқаннан кейін, шұғыл түрде Қырымға көз тігуі, Қырымды иеленгеннен соң, жаулап алушылық саясатының Каспийге бағытталуы, барлығы бұл өлкелердің геосаяси және геэкономикалық маңыздылықтарын айғақтап берді. Сонымен қатар Темірдің Иран мен Әзірбайжан жерін жаулап алуы Алтын Орданың территориясындағы халықаралық сауда жолдарының солтүстік бағытына үлкен соққы болатын еді. Өйткені, Темір мемлекеті трансконтиненталдық сауданың оңтүстік бағытын толықтай бақылауды қолына алатын болса, онда көпестер үшін оңтүстік бағыты солтүстік бағытына қарағанда аса тиімді болатын еді. Өйткені шекаралық аймақтағы баж салықтарына шығындалмайтын еді. Бұл жағдай Алтын Орда мемлекетінің экономикасы үшін аса тиімсіз болды.

Тоқтамыс Алтын Орданың ертеден территориялық талас-тартыс аймағы болып саналатын Әзірбайжан жері үшін (1385 және 1387), Хорезм және Сырдариядан төмен Бұхараға дейінгі аймақты (1388) иемдену мақсатында кезінде қамқоршысы болған Темірге ашық түрде қарсы шықты (Atwood, 2004: 543). Тоқтамыс пен Темір арасындағы алғашқы әскери қақтығыстар 1386 жылдан 1391 жылдың жазына дейін жалғасып, Тоқтамыстың Қондырша өзені бойындағы ірі жеңілісінен кейін ғана бірінші кезеңі аяқталды. Тоқтамыстың Темір агрессиясына қарсы күресінің екінші кезеңі – 1395-1396 жылдары жүргізілген ақтық шайқастарымен аяқталды. Темірдің жорықтары кезінде Алтын Орданы жүйелі түрде қиратып, оның саяси-экономикалық күш-қуаттығын әлсіретіп, екінші деңгейлі мемлекетке айналдыруды көздегені байқалады. Осыған байланысты, Темірдің Дешті Қыпшақ территориясына жасаған жойқын жорықтары экономикалық жағынан үлкен алапаттар алып келіп, мемлекеттің сауда-саттық байланыстарын әлсіретті. Темірдің 1395 жылдың басы мен 1396 жылы Алтын Ордаға жасаған қуатты соққылары мен мемлекеттің экономикалық

орталықтарын талқандауы кезінде Еуразия даласында аса қуатты болған мемлекеттің ыдырауының алғышарты болды. Осыдан кейінгі Ұлы жібек жолының негізгі трассасы Жошы ұлысы территориясынан оңтүстікке қарай Темір империясының территориясына ауысып, Орта Азия және Иран жері арқылы өтуі Алтын Орда қалаларындағы сауда және жалпы экономикалық өмірінің құлдырауына алып келді. 1395 жылы Темірдің жасаған жойқын жорықтары мен қуатты соққыларынан кейін, Алтын Орда мемлекеті бұдан бір жарым ғасырға жуық бұрынғыдай күш-қуатынан айырылған еді (Абдимомынов, 2014: 272-273).

Түрік жиһанкезі Эвлия Челеби XVII ғ. бұрынғы Алтын Орда территориясын аралап шығып, Темірдің талқандаған қалаларын көрген. Ол өз жазбасында былайша айтып өткен: «Бұл аймақты Темір-хан қираған үйінділерге айналдырды, ал халқын отқа өртеген. Темір «бұл айбынды қаланы тонап, талқандаған, ал тұрғындарын кесекше турап тастаған». Ал Сарай қаласындағы қираған үйінді орны XVII ғасырдың өзінде-ақ, «екі күндік қашықтықтан байқалады», – деп қынжыла отырып баяндады. Эвлия Челебидің айтқандары көптеген археологиялық мәліметтермен де расталады (Миргалеев, 2003: 134). Э.С. Кульпин айтқандай, Темір Алтын Орданың саяси, экономикалық және мәдени орталығына өте үлкен соққы жасаған еді (Кульпин-Губайдуллин, 2011: 109). Сонымен қатар, Маджар, Азак, Қажы-Тархан, Сарай әл-Джедид және басқа да қалалар талқандалған. Эвлия Челеби, шамасы алтынордалық бір деректерге сүйене отырып, тіпті нақты санын да көрсетеді: «...бүкіл Дешті Қыпшақ жерінде 170 қала болған. Бұл қалалардың барлығын күдіретті Темір талқандаған» (Челеби, 1999: 143).

Темір жорық барысында Жошы ұлысы территориясы арқылы өтетін халықаралық сауда жолының маңыздылығын жою арқылы Алтын Орда мемлекетін экономикалық жағынан құлдыратуға ұмтылыс жасағаны байқалады. Ол жөнінде А.Ю. Якубовскийдің пікірінше, Еділ бойындағы маңызы бар қала орталықтарын, Шығыс Еуропаны Орталық Азия және Қытаймен Алтын Орда арқылы өтетін сауда керуен жолында маңызды рөл атқарған Хорезм орталығы Үргеніш сияқты шығыстың ең ірі қалаларын қирату фактісі Темірдің шынайы әрекетінің көрінісін береді. Темір Еуропа мен

Қытайды Қырым, Төменгі Еділ және Хорезм арқылы байланыстырып жатқан керуен сауда жолын мейлінше талқандауға ұмтылыс жасады. Тоқтамыстың жеңіліске ұшырауынан кейін бұл бай қуатты аймақтың экономикалық жағдайы құлдырауға ұшырады дейді (Якубовский & Греков, 1950: 376). Қалаларды талқандай отырып, Темір Хорезм және Қырым арқылы жүретін керуен сауда жолдарын құлдыратып, бұл бағыттарды, Қытаймен, Үндістанмен Батысқа Каспий мен Қара теңіздің солтүстік аудандары мен Иран мен Сирия арқылы өзгертуді мақсат еткен (Арсланов, 2015: 97). Сондай-ақ, XV ғ. Оңтүстік-Шығыс Еуропаны аралаған венециялық саудагер және дипломат Иосафат Барбароның мәліметі бойынша, Темірдің Астрахан жерін талқандауына дейін жібек және көптеген тауарлар осы қала арқылы өткен. Бұл жерден тауарлар Азовқа (Тана) барып, одан ары қарай галера арқылы теңізбен Италияға жеткізілген. И. Барбароның мәліметіне сәйкес, XV ғ. 30-40-шы жылдарында бұл жердегі сауда жолы тоқтатылып, Еуропадан Қиыр Шығысқа шығатын сауда жолы Сирия арқылы өтетін болды дейді (Якубовский & Греков, 1950: 377).

### Қорытынды

Алтын Орда дәуірінде Еуразия даласындағы сауда-саттық қатынастардың гүлденуінің шарықтау шегіне жеткен және ақырғы рет құлдырау кезеңі болды. Сауда-саттық құлдырауына ең алдымен, Темірдің жорықтары мен Қытайды Еуропамен байланыстыратын теңіз жолының дамуы тікелей ықпал етті. Темірдің жорықтары Алтын Орда мемлекетінің халықаралық аренада күш-қуатынан айырылып, ыдырауының алғышартын жасады. Халықаралық сауда жолдарына бақылау өз деңгейінде жасалған жоқ және осыған байланысты сауда-саттықтың арқасында дамыған қалалар құлдырай бастады. Ал Қытай мен Еуропаны жалғастырған теңіз жолының дамуына байланысты Еуразия даласы арқылы өтетін керуен сауда жолдарының жүйесі өзінің маңызын жойды. Осылайша, XV ғасырдың бас кезінен бастап, қуатты Алтын Орданың ыдырауымен қатар, Ұлы жібек жолының сан ғасырлық тарихындағы соңғы өрлеген кезеңі де аяқталды.

«Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті» мақсатты жобасы аясында орындалды.



### Әдебиеттер

- Atwood, C. P. (2004). *Encyclopedia of Mongolia and the Mongol Empire*. Facts on File, Inc., New York.
- Абдимомынов, Н.Т. (2014). Алтын Орданың сыртқы саясатының өзекті мәселелері (XIII-XIV ғғ.), Тараз: ТИГУ баспасы.
- Арсланов, А. М. (2015). Торгово-экономические связи Улуса Джучи (Золотой Орды) со странами Запада: (вторая половина XIII-XIV вв.). Диссертация ... кандидата исторических наук. Казань. 230 с.
- Гатин, М. С. (2006). Проблемы истории Улуса Джучи и постордынских тюрко-татарских государств Восточной Европы в немецкой историографии XIX-XX вв. Казань.
- Кульпин-Губайдуллин, Э. С. (1998). Золотая Орда. Москва: Московский лицей
- Кинаятұлы З. (2010). Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Алматы: Тарих тағылымы.
- Миргалеев, И. М. (2003). Политическая история Золотой Орды периода Токтамыш-хана. Казань: Алма-лит.
- Недашковский, Л. Ф. (2016). Международная и внутренняя торговля. Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 608-616.
- Сафаргалиев, М. Г. (1960). Распад Золотой Орды. Саранск: Мордовское книжное издательство. 279 с.
- Тизенгаузен, В. Г. (1884). Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I. СПб. 588 с.
- Челеби, Э. (1999). Книга путешествия. Турецкий автор Эвлия Челеби о Крыме (1666-1667 гг.). Симферополь: Дар.
- Якубовский, А. Ю., & Греков, Б. Д. (1950). Золотая Орда и ее падение. М: Изд. АН СССР.

### References

- Atwood, C. P. (2004). *Encyclopedia of Mongolia and the Mongol Empire*. Facts on File, Inc., New York.
- Abdimomynov, N.T. (2014). *Altyn Ordanyň syrtky sayasatynyn ozekti maseleleri (XIII-XIV centuries)* [Actual problems of the foreign policy of the Golden Horde (XIII - XIV centuries)], Taraz: TIGU publishing house.
- Arslanov, AM (2015). [Torgovo-ekonomicheskiye svyazi Ulus Dzhuchi (Zolotaya Orda) s zapadnymi stranami: (vtoraya polovina XIII-XIV vv.)] [Trade and Economic relations Ulus Dzhuchi (Golden Horde) with Western countries: (the second half of the XIII-XIV centuries.)]. Thesis ... Candidate of Historical Sciences. Kazan. 230 s.
- Gatin, MS (2006). *Problemy istorii Ulusa Dzhuchi i postordynskikh tyurko-tatarskikh gosudarstv Vostochnoy Yevropy v nemetskoj istoriografii XIX-XX* [The problems of the history of Ulus Dzhuchi and Postordian Turkic-Tatar states of Eastern Europe in the German historiography of the XIX-XX centuries]. Kazan.
- Kulpin-Gubaidullin, ES (2011). *Zolotaya Orda [Golden Horde]*. Moscow: Moscow Lyceum
- Kynayatuly Z. (2010). *Shyngys khan zhane Kazakh, memleketi [Genghis Khan and the Kazakh state]*. Almaty: Tarih takylymy.
- Mirgaleev, IM (2003). *Politicheskaya istoriya Zolotoy Ordy perioda Toktamyskhana [Political history of the Golden Horde period Toktamyskh Khan]*. Kazan: Alma-liter.
- Nedashkovsky, LF (2016). *Mezhdunarodnaya i vnutrennyaya trgovlya. Zolotaya Orda v mirovoy istorii [International and domestic trade. The Golden Horde in world history]*. Collective monograph. Kazan: Institute of History. Sh. Mardzhani, Academy of Sciences of the Republic of Tajikistan, 608-616.
- Safargaliev, MG (1960). *Raspad Zolotoy Ordy [The collapse of the Golden Horde]*. Saransk: Mordovian book publishing house. 279 p.
- Tiesenhause, VG (1884). *Sbornik materialov, odnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy [Collection of sources relating to the history of the Golden Horde]*. Volume. I. St. Petersburg.
- Chelebi, E. (1999). *Kniga puteshestviya. Turetskiy avtor Evliya Chelebi o Kryme (1666-1667)*. [Book of travel. Turkish author Evliya Chelebi about the Crimea (1666-1667)]. Simferopol: Dar.
- Yakubovsky, A. Yu., & Grekov, BD (1950). *Zolotaya Orda i yeye padeniye [The Golden Horde and its fall]*. Moscow: Academy of Sciences of the USSR.